

Тәрбие сағаты

Тақырыбы: Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық

Сыныбы: 6 «Е»

Сынып жетекші: Күзембаева Ә.И

Күні: 01.09.2023

Тәрбие сағаты	«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»	
Күні	01.09.2023	
Сынып жетекші:	Күзембаева Ә.И	
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Эпиграфтар (тақырып мазмұнын ашатын)	Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық	
Сабақтың мақсаты:	Еңбек - адамгершілік құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру, еңбек етуге деген қызығушылықтарын ояту, дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	
Құндылықтарды дарыту		
Ресімдеу	Слайд, презентация	
Музыкалық және бейне көркемдеу	интерактивті тақта, слайд	
Үлестірмелі материалдар	мақал – мәтелдер жазылған плакаттар	
Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер	Презентация	
Дайындыққа арналған әдебиет	Интернет материалдары	



Тәрбие сағаты

Тақырыбы: *Абайлаңыз, балалар!*

Сыныбы: 6 «Е»

Сынып жетекші: Күзембаева Ә.И

Күні: 08.09.2023

Тақырыбы: Абайлаңыз, балалар!

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың көшеде жүру ережелерін меңгеру дағдысын қалыптастыру және оны іс-жүзінде пайдалана білуін жетілдіру. Оқушы-ларды сақтыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Жол белгілері, бағдаршам макеті, қиылған жіңішке ұзын жолақшалар (зебра жолы), бордюр макеті, сюжетті суреттер, автобус макеті, лото ойынына қажетті сурет пен белгілер суреті.

Техникалық құрал: теледидар, DVD, видео көрініс жазылған DVD дискісі.

Барысы:

Сынып оқушылары 4 топқа бөлініп отырады. (әр топта 4 оқушыдан)

Мұғалім: Сәлеметсіңдер ме, балалар? Біз өмірімізді, денсаулығымызды қорғаудың бірден - бір кепілі көшеде жүру ережелерінен сабақтар өткізген болатынбыз. Бүгін осы көшеде жүру ережелері бойынша алған білімдеріңді пысықтау мақсатында «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» атты тәрбие сағатын өткізгелі отырмыз. Себебі, жолда жүру тәртібін білу әрбір бала, әрбір адам үшін маңызды деп білеміз.

- Ал көшеде жүру тәртібін білмеу неге әкеп соғуы мүмкін?

1 - оқушы: Көшеде жүру тәртібін орындамау көліктердің жүріп тұруына кедергі келтіреді, жұмысшылар жұмысқа, оқушылар сабаққа, дәрігерге, басқа да баратын жерлеріне дер кезінде жетпеуі мүмкін.



Тәрбие сағаты

Тақырыбы: Тәрбие сағаты: «Діни экстремизм мен терроризмге» қарсы күрес

Сыныбы: 6 «Е»

Сынып жетекші: Күзембаева Ә.И

Күні: 15.09.2023

Тәрбие сағаты: «Діни экстремизм мен терроризмге» қарсы күрес

Мақсаты: Діни-

саяси экстремизм - діттеген саяси мақсаттарына қол жеткізу үшін, дінді қалқан ете отырып әрекет етуші, дінге ешқандай қатысы жоқ іс-қимыл. Басқаша атағанда - терроризм (лаңкестік). Мұндай әрекеттер көбіне мемлекеттің құрамын күшпен өзгертуге немесе үкіметті басып алуға бағытталады. Міне осындай қауіпті жағдайға айналған әрекеттерді оқушылардың іске асырып жаман әдеттерге елігіп кетуіне қарсы тұруды үйрету

Қолданылатын құрал-жабдықтардың тізімі: тақта, плакаттар, проектор



Көрнекіліктері: презентация

Тәрбие сағаты

Тақырыбы: Кітап- білім бұлағы

Сыныбы: 6 «Е»

Сынып жетекші: Күзембаева Ә.И

Күні: 22.09.2023

Тақырыбы: Кітап- білім бұлағы

Мақсаты: Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызын, ғылым мен білімінің пайдасы жөнінде түсіндіру. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Оны күтіп ұстауға тәрбиелеу

Көрнекілігі: Кітап көрмесі. Дана адамдардың кітап жөнінде айтқан сөздері. «Кітап – жаз азығы», «Кітап - өмір ұстазы. Сондықтан жастар кітап оқуды күнделікті әдет қылуы тиіс. Кітап оқымай, өмірді білу, білім алу мүмкін емес». Серке Қожамқұлов.

«Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге» Абай Құнанбаев.

Барысы:

Мұғалім: Жұмбақ шештірту

Қабат-қабат қатталған,

Асыл сөзбен апталған.

Парағы бар сөйлейтін,

Ол қазына өлмейтін.

(Кітап)



Тәрбие сағаты

Тақырыбы: Ұстазым менің, ұстазым

Сыныбы: 6 «Е»

Сынып жетекші: Күзембаева Ә.И

Күні: 29.09.2023

Сыныбы:	6 «Е»
---------	-------

Тақырыбы:	Ұстазым менің, ұстазым
Мақсаты:	Оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіну. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге үйрену, Оқушылардың бойына дамыту әрі дарыту.
Кешенді міндеттері:	- білім алушылардың жаңа білімді, ақпараттық ресурстарға сүйене отырып, зияткерлік қажеттіліктерін меңгеруін қамтамасыз ету: - білім алушылардың шығармашылық, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту: - балалардың бойында ұстазға деген құрметті қалыптастыру:
Ресімдеу:	Еліміздің дамуына үлес қосқан атақты ұстаздардың суреттері, слайд бершелері және т.б.
Музыкалық және бейне көркемдеу.	«Ұстазым!», «Ұстаз» және ұстаз туралы әндердің аудиожазбалары.
Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары:	Бейнепроектор, компьютер
Үлестірмелі материалдар:	Ұстаз туралы өлеңдер мен нақыл сөздер, білім, мектеп және ұстаз туралы мақал-мәтелдер және т.б.
Эпиграфтар:	«Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға » Абай



Тәрбие сағаты

Тақырыбы: Сыбайластыққа, жемқорлыққа жол жоқ

Сыныбы: 6 «Е»

Сынып жетекші: Күзембаева Ә.И

Күні: 06.10.2023

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!»

Мақсаты: Қоғамның әр-түрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру, білімдерін дағдыландыру; саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, шәкірттердің еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой - пікірлерімен санасуға жағдай жасау, ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Тақырыптық слайд, бейнебаян.

Түрі: Дөңгелек үстел

Дөңгелек үстелдің барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі
2. Әңгіме сұхбат

Барысы:

Жоспары:

I.Баяндама.

А.«Сыбайлас жемқорлық» -деген не?

Б. Жемқорлықтың пайда болуымен күресу.

В. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңнамалары

С. Қазақстандағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» шаралары мен әдістері



Тәрбие сағаты

Тақырыбы: Қазақстанның киелі мекендері

Сыныбы: 6 «Е»

Сынып жетекші: Күзембаева Ә.И

Күні: 13.10.2023

Сабақтың тақырыбы: Қазақстанның киелі мекендері

Мақсаты: Оқушылардың бойында ұлттық сананы ояту, жас ұрпақ санасына, туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру. Оқушыларды Отанды сүйуге, өз елін, тарихын білуге, жалпыадамзаттық құндылықтар мен терең көзқарастарды сіңіру арқылы таным белсенділіктерін арттыруға бағыттау

Отан дейміз от жаққан жерімізді,

Отан дейміз өсірген елімізді.

Отан дейміз туған жер, атамекен

Биік тау, орман, тоғай, көлімізді.

Кіріспе: Мұғалім сөзі: рухани жаңғыру туалы білетіндерін еске түсіру: топтастыру

Киелі жерлер терең зерттелуде Әрбір елде халықтың өзіне тән киелі орындары бар. Ағылшындар басты храмы – Кентерберий ғибадатханасын мақтан тұтса, немістер Кельндегі рим-католик готикалық соборын, француздар Нотр-Дам-де Париді ұлық етеді. Қазақ елінде де мақтаныш ететін қасиетті орындар жеткілікті. Атап айтсақ, ежелгі Тараз, Ұлытау, Түркістан, Сайрам, Алтай, Жетісу өңірлері және Бекет-Ата кешені. Осындай қасиетті орындарымызды әлем халқына танытумен қатар еліміздің болашағы жас ұрпаққа тереңірек таныстыру маңызды.



Тәрбие сағаты

Тақырыбы: Отбасым баға жетпес байлығым

Сыныбы: 6 «Е»

Сынып жетекші: Күзембаева Ә.И

Күні: 20.10.2023

Тәрбие сағатының тақырыбы: «Отбасым баға жетпес байлығым».

Мақсаты:

1. Оқушылардың отбасы, жанұя туралы білімдерін шындай түсе, отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу.
2. Оқушылардың естес ақтау, ойлау қабілеттерін, тіл байлығын, өз беттерінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту.
3. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, ептілікке, өз ойын жеткізе білуге, отбасы құндылықтарын сыйлауға тәрбиелеу.

Сабақтүрі: сыныптан тыс шара.

Әдісі: әңгімелеу, топтастыру, сұрақ-жауап.

Көрнекі құралдар: отбасы туралы мақал-мәтелдер, нақылсөздер, суреттер.



Тәрбие сағаты

Тақырыбы: Әке көрген оқ жонар

Сыныбы: 6 «Е»

Сынып жетекші: Күзембаева Ә.И

Күні: 27.10.2023

Тақырыбы: «Әке көрген оқ жонар»

Мақсаты: Әке мен бала арасындағы ынтымақтастықты нығайту;

Отбасындағы әке орнын, рөлін көрсете отырып, халықтық тәрбие негіздеріне тоқталу; Оқушыларды үлкендерді сыйлауға, әкені пір тұтуға, адамгершілікке, әке мен ер азамат ұғымының мәнін ұғынуға тәрбиелеу. Мақал-мәтел, өнегелі сөздер арқылы оқушылардың ой-өрісін кеңейту.

Барысы

Отқа түстің, суға түстің мен үшін,
Енді міне бағың берді жемісін.
Бала қыран шыңға шықса бұл күнде,
Бұның бәрі ӘКЕ сенің жемісің!
Анашымды отырғызып қасыңа,
Той берейін салып алақаныма.
Ей, адамдар, шүкіршілік етіңдер
Бұл өмірде әкелердің барына.
Тек, Әкелер, сендер ғана лайықсың
Хан сарайы, патша тағына
1.Кіріспе.

Әке-жарық дүниедегі ең жақын адамның бірі. Әкені сыйлау, құрметтеу, оның отбасындағы орнын қастерлеп, қадірлеу кез келген баланың перзенттік борышы. Әкесіз бала-жетім. Әке- асқар шың, бақыттың алтын бағы. Әке- баланың тірегі, лүпілдеген жүрегі, ойындағы санасы, өмірдегі панасы. Ол бала үшін барын аямайды, аялап тәрбиелейді, болашағына үнемі бағыт-бағдар беріп отырады. Әке отбасының асыраушысы. Ер бала әкесімен сырлас, жолдас, дос. Ол әрқашан бір әрекет жасау үшін әуелі әкесімен сырласады. Ата-анаға не істесең, алдыңа сол қайтады. Дүние кезек. Сен өмір бойы жас болып тұрмайсың. Сен ата-ананды сыйласаң, сенің балаларың да қартайғанда өзінді аялап күтіп, бағып-қағатын болады.



